# Vic-Strainer®

**730 ЖӘНЕ AGS W730 СЕРИЯЛЫ Т ТӘРІЗДІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІ**
**732 ЖӘНЕ AGS W732 СЕРИЯЛЫ ҮШЖАҚТЫ ТҮРДЕГІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІ**

## ОРНАТУ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

### ⚠ ЕСКЕРТУ



- **Victaulic құбыр өнімдерін орнату, алу, реттеу немесе техникалық қызмет көрсетпей тұрып, барлық нұсқауды оқып, түсініп алыңыз.**
- **Victaulic өнімдерін орнату, алу, реттеу немесе техникалық қызмет көрсетпей тұрып, құбыр жүйесінің қысымын босатып, ағызыңыз.**
- **Каска, қауіпсіздік көзілдірігін және аяқты қорғау киімдерін киіңіз.**

**Бұл нұсқауларды орындамау, ауыр жарақат алуға, мүліктің және/ немесе өнімнің зақымдалуына әкелуі мүмкін.**

### ⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- **Төсемнің максималды қызмет ету мерзімін қамтамасыз ету үшін, електің белгіленген қызметке сәйкес келетін класты төсеммен орнатылғанын тексеріңіз.**
- **Тордан 10 фунт/шаршы дюйм/ 0,7 бар/69 кПа қысым дифференциялын алмас бұрын, сүзгіш торларын тазалау керек.**

**Осы нұсқаулар орындалмаған жағдайда, жалғанған жерден сұйықтық ағуы мүмкін, ал бұл мүліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін.**

730/W730 сериялы Т тәрізді және 732/W732 сериялы үшжақты түрдегі Vic-Strainer сүзгіштерін дұрыс орнатуды қамтамасыз ету үшін осы нұсқаулық картасында қамтылған ақпаратты қарау керек.

W730 және W732 сериялы AGS Vic-Strainer сүзгіштеріне Victaulic Advanced Groove System (AGS) деп аталатын ойық кесу технологиясымен дайындалған құбыр қажет. Сондықтан ойықтарды AGS техникалық сипаттамаларына сәйкес дайындау үшін арнайы Victaulic AGS (RW) роликтер жинағы қажет. Толық ақпарат алу үшін Victaulic құрылыс объектісінде орнатуға арналған нұсқаулыққа (I-100) және құбырда бүрлейтін роликтермен ойық кесу құралына арналған пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқаулығына қараңыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** Максималды қызмет ету мерзімі төсемді дұрыс таңдауға және орнатуға байланысты. Мәлеметтер алу үшін Victaulic 05.01 жарияланымын, «Төсемді таңдау нұсқаулығы» құжатынан қараңыз.

## ЖИНАҚ САҢЫЛАУЫ

- Сүзгіш торын алу үшін ұсынылған қол жеткізу саңылауларын есепке ала отырып, Vic-Strainer сүзгішінің орнын таңдаңыз.
  **ЕСКЕРТПЕ:** Vic-Strainer сүзгілері толықтай құрастырылған күйінде жеткізіледі.




730 сериялы үшжақты түрдегі Vic-Strainers
Әдепкі 1 ½ – 12-дюйм/48.3 – 323,9-мм Өлшемдері




730/W730 сериялы үшжақты түрдегі Vic-Strainers
Әдепкі 14-дюйм/355,6-мм және үлкенірек өлшемдерде




732 сериялы үшжақты түрдегі Vic-Strainers
Әдепкі 2 – 12-дюйм/60,3 – 323,9-мм Өлшемдері




732/W732 сериялы үшжақты түрдегі Vic-Strainers
Әдепкі 14 – 24-дюйм/355.6 – 610,0-мм Өлшемдері

## СОРҒЫШ ДИФФУЗОР ТОРЛАРЫ АЛУҒА АРНАЛҒАН МИНИМАЛДЫ САҢЫЛАУ ТАЛАПТАРЫ

| Құбыр өлшемі | | «C» сүзгіш торының минималды саңылауының өлшемдері дюйм/мм | |
|---|---|---|---|
| Номиналды диаметрі дйюм/мм | Нақты сыртқы диаметрі дюйм/мм | 730/W730 сериялы | 732/W732 сериялы |
| 1 ½<br>40 | 1.900<br>48,3 | 4.00<br>102 | –<br>– |
| 2<br>50 | 2.375<br>60,3 | 5.00<br>127 | 8.00<br>203 |
| 2 ½<br>65 | 2.875<br>73,0 | 5.00<br>127 | 9.00<br>229 |
| 3<br>80 | 3.500<br>88,9 | 6.00<br>152 | 10.00<br>254 |
| 4<br>100 | 4.500<br>114,3 | 7.00<br>178 | 12.00<br>305 |
| 5<br>125 | 5.563<br>141,3 | 8.00<br>203 | 14.00<br>356 |
| 6<br>150 | 6.625<br>168,3 | 10.00<br>254 | 16.00<br>406 |
| 8<br>200 | 8.625<br>219,1 | 12.00<br>305 | 20.00<br>508 |

| Құбыр өлшемі | | «C» сүзгіш торының минималды саңылауының өлшемдері дюйм/мм | |
|---|---|---|---|
| Номиналды диаметрі дйюм/мм | Нақты сыртқы диаметрі дюйм/мм | 730/W730 сериялы | 732/W732 сериялы |
| 10<br>250 | 10.750<br>273.0 | 14.00<br>356 | 24.00<br>610 |
| 12<br>300 | 12.750<br>323,9 | 16.00<br>406 | 28.00<br>711 |
| 14<br>350 | 14.000<br>355,6 | 22.00<br>559 | 30.00*<br>762* |
| 16<br>400 | 16.000<br>406,4 | 23.00<br>584 | 32.00*<br>813* |
| 18<br>450 | 18.000<br>457,0 | 29.00<br>737 | 35.00*<br>889* |
| 20<br>500 | 20.000<br>508,0 | 32.00<br>813 | 38.00*<br>965* |
| 24<br>600 | 24.000<br>610,0 | 37.00<br>940 | 44.00*<br>1118* |
| 30<br>750 | 30.000<br>762,0 | 44.00<br>1118 | –<br>– |

* Бұл өлшемдер тек W732 сериялы AGS Vic-Strainer сүзгішіне қолданылады. 732 сериялы (AGS емес) Vic-Strainer сүзгіші бұл өлшемдерде жеткізілмейді.



VICTAULIC — VICTAULIC КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТІРКЕЛГЕН САУДА БЕЛГІСІ. © 2008 VICTAULIC COMPANY. БАРЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛҒАН.
АҚШ-ТА БАСЫП ШЫҒАРЫЛҒАН

# Vic-Strainer®

**730 ЖӘНЕ AGS W730 СЕРИЯЛЫ Т ТӘРІЗДІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІ**

**732 ЖӘНЕ AGS W732 СЕРИЯЛЫ ҮШЖАҚТЫ ТҮРДЕГІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІ**

## ОРНАТУ

### НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **Келесі бірнеше қадамда 732 сериялы үшжақты түрдегі Vic-Strainer фотосуреттері берілген. Дегенмен басқаша белгіленбесе, W732 сериялы AGS Wye-Type Vic-Strainer, 730 сериялы Т тәрізді Vic-Strainer және W730сериялы AGS Т тәрізді Vic-Strainer сүзгіштеріне осы қадамдар қолданылады.**



1. **ҚҰБЫР ҰШТАРЫН ТЕКСЕРУ:** Герметикалық тығыздағышпен қамтамасыз ету үшін, құбырдың (құбырдың шетінен ойыққа дейін) сыртқы бетінде кертік қосылыстар, шығыңқы жерлер (пісіру қыртыстарын қоса алғанда) немесе ролик іздері болмауы керек. Барлық майды, майлы кірді, қабыршақтанған бояуды және кірді кетіру керек. **ЕСКЕРТПЕ:** W730 және W732 AGS Vic-Strainer сүзгіштері үшін AGS техникалық сипаттамаларына сәйкес ойылған құбырды ғана пайдалану керек. W730 және W732 AGS Vic-Strainer сүзгіштерін AGS техникалық сипаттамаларына сәйкес емес ойылған құбырмен пайдалануға БОЛМАЙДЫ.



2. **VIC-STRAINER СҮЗГІШІН ОРНАТУ:** Vic-Strainer сүзгішін құбыр жүйесімен сүзгішке кіретін және шығатын ағын сүзгіш корпусында құйылған бағыт көрсеткілеріне сәйкес келетіндей етіп туралаңыз. Vic-Strainer сүзгішін көзделген мақсатқа сәйкес екі Victaulic муфтасымен орнатыңыз. Муфтаны толық орнату талаптарын Victaulic құрылыс объектісінде орнатуға арналған нұсқаулықтан (I-100) қараңыз. **ЕСКЕРТПЕ:** W730 және W732 AGS Vic-Strainer сүзгіштері үшін AGS техникалық сипаттамаларына сәйкес AGS муфталарын және ойылған құбырды ғана пайдалану керек. W730 және W732 AGS Vic-Strainer сүзгіштерін AGS емес муфталармен және/немесе AGS техникалық сипаттамаларына сәйкес емес ойылған құбырмен пайдалануға БОЛМАЙДЫ.



3. **ҮРЛЕУ ПОРТЫН ОРНАТУ:** Ағызу құбыры бар немесе жоқ клапан қосылымының үрлеу порты қол жеткізу қақпағында орналасқан. Клапан орнатылса, ол жүйе жағдайларына сәйкес екеніне көз жеткізіңіз.

## ҮРЛЕУ ПОРТЫ АРҚЫЛЫ




1. **СҮЗГІШТІ ШАЮ:** Үрлеу портына қосылған клапанды ашыңыз. Бұл сүзгіштің ішіндегі сұйықтықты және материалды шаюға мүмкіндік береді. Сүзгіш торы жеткілікті түрде шайылғаннан кейін, клапанды жабыңыз.



VICTAULIC — VICTAULIC КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТІРКЕЛГЕН САУДА БЕЛГІСІ. © 2008 VICTAULIC COMPANY. БАРЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛҒАН.
АҚШ-ТА БАСЫП ШЫҒАРЫЛҒАН

# Vic-Strainer®

730 ЖӘНЕ AGS W730 СЕРИЯЛЫ Т ТӘРІЗДІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІ
732 ЖӘНЕ AGS W732 СЕРИЯЛЫ ҮШЖАҚТЫ ТҮРДЕГІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІ

## ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ**

- **Тордан 10 фунт/шаршы дюйм/ 0,7 бар/69 кПа қысым дифференциялын алмас бұрын, сүзгіш торларын тазалау керек.**

**Осы нұсқау орындалмаған жағдайда, жалғанған жерден сұйықтық ағуы мүмкін, ал бұл мүліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін.**

## СҮЗГІШ ТОРЫН АЛУ

**⚠ ЕСКЕРТУ**



- **Victaulic құбыр өнімдерін орнату, алу, реттеу немесе техникалық қызмет көрсетпей тұрып, құбыр жүйесінің қысымын босатып, ағызыңыз.**
- **Қол жеткізу қақпағы мен тығын қысыммен тұрады.**

**Құбыр жүйесінің қысымы дұрыс түсіріліп, босатылмаса, өлімге, дене жарақатын алуға, мүліктің немесе өнімнің зақымдалуына әкеп соқтыруы мүмкін.**



1. **ҚҰБЫР ТЫҒЫНЫН АЛУ:** Жүйенің қысымы толықтай түсіріліп, босатылғанына көз жеткізіңіз. Жүйені босату үшін қол жеткізу қақпағынан құбыр тығынын алыңыз немесе үрлеу клапанын ашыңыз.



2. **МУФТАНЫ, ТӨСЕМДІ ЖӘНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҚАҚПАҒЫН АЛУ:** Қол жеткізу қақпағын тіреп, болттарды босатыңыз және қол жетк ізу муфтасын алып тастаңыз. Төсемді және қол жеткізу қақпағын алу кезінде сүзгіш торын ұстап тіреуге дайын болыңыз.






2a. **14 – 30 ДЮЙМ/355.6 – 762,0 ММ 730 СЕРИЯЛЫ Т ТӘРІЗДІ VIC-STRAINER ЖӘНЕ 14 – 24 ДЮЙМ/355.6 – 610,0 ММ W730 СЕРИЯЛЫ AGS Т ТӘРІЗДІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІ ҮШІН:** Т тәрізді болттары бар топсалы қол жеткізу қақпағы осы Vic-Strainer өлшемдері бойынша стандартты болып табылады. Т тәрізді болттардағы сомындарды босатып, Т тәрізді болттарды қол жеткізу қақпағынан бұрап шығарыңыз. Сүзгіш торын алу үшін қол жеткізу қақпағын ашыңыз.


VICTAULIC — VICTAULIC КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТІРКЕЛГЕН САУДА БЕЛГІСІ. © 2008 VICTAULIC COMPANY. БАРЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛҒАН.
АҚШ-ТА БАСЫП ШЫҒАРЫЛҒАН

# Vic-Strainer®

**730 ЖӘНЕ AGS W730 СЕРИЯЛЫ Т ТӘРІЗДІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІ**

**732 ЖӘНЕ AGS W732 СЕРИЯЛЫ ҮШЖАҚТЫ ТҮРДЕГІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІ**

**730/W730 СЕРИЯЛЫ**



**732/W732 СЕРИЯЛЫ**




3. **СҮЗГІШ ТОРЫН ШАЮ:** Сүзгіш торын алғаннан кейін жиналған қоқысты кету үшін торды шайыңыз.

## 730/W730 СЕРИЯЛЫ Т ТӘРІЗДІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІНЕ АРНАЛҒАН СҮЗГІШ ТОРЫН ОРНАТУ






1. **СҮЗГІШ ТОРЫН ТУРАЛАУ:** Сүзгіш торын Vic-Strainer корпусындағы ұяшықтармен жоғарыда көрсетілгендей туралаңыз. **ЕСКЕРТПЕ:** Сүзгіш торының дөңгелектелген бөлігін корпусқа енгізу керек. Vic-Strainer корпусындағы ағын көрсеткісі сүзгіш торының ойыс (доға тәрізді ішкі жағы) жағын жоғарыдағы суретте көрсетілгендей бағытталғанына көз жеткізіңіз.
2. «Муфтаны орнату» бөлімін негізге алыңыз.



VICTAULIC — VICTAULIC КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТІРКЕЛГЕН САУДА БЕЛГІСІ. © 2008 VICTAULIC COMPANY. БАРЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛҒАН.
АҚШ-ТА БАСЫП ШЫҒАРЫЛҒАН

# Vic-Strainer®

**730 ЖӘНЕ AGS W730 СЕРИЯЛЫ Т ТӘРІЗДІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІ**

**732 ЖӘНЕ AGS W732 СЕРИЯЛЫ ҮШЖАҚТЫ ТҮРДЕГІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІ**

## 732/W732 СЕРИЯЛЫ ҮШЖАҚТЫ ТҮРІНДЕГІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІНЕ АРНАЛҒАН СҮЗГІШ ТОРЫН ОРНАТУ



1. **СҮЗГІШ ТОРЫН ТУРАЛАУ:** сүзгіш корпусының бұрышты ұшын дұрыс орнату үшін сүзгіш корпусына жоғарыда көрсетілгендей тураланыз.




2. **СҮЗГІШ ТОРЫН АЙНАЛДЫРУ:** Қажет болса, сүзгіш торы сүзгіш корпусынан минималды мөлшерде шығып тұруы үшін, оны айналдырыңыз.
3. «Муфтаны орнату» бөлімін негізге алыңыз.

## МУФТАНЫ ОРНАТУ

### НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **Келесі бірнеше қадамда 730 сериялы Т тәрізді Vic-Strainer фотосуреттері берілген. Дегенмен басқаша белгіленбесе, W730 сериялы AGS Т тәрізді Vic-Strainer, 732 сериялы үшжақты түріндегі Vic-Strainer және W732 сериялы AGS Т үшжақты түріндегі Vic-Strainer сүзгіштеріне осы қадамдар қолданылады.**

1. **ТӨСЕМДІ ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ МАЙЛАУ:** Төсемде зақым немесе тозу белгісінің бар-жоғын тексеріңіз. Төсем зақымдалған немесе тозған болса, оны Victaulic компаниясы жіберетін сол санаттағы жаңа төсеммен ауыстырыңыз. Victaulic майлағышының немесе силикон майлағыштың жұқа қабатын төсем жиектеріне және сыртына жағыңыз. «Е» санатты төсемдерге мұнай негізіндегі майлағыштарды пайдалануға БОЛМАЙДЫ.







2. **ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҚАҚПАҒЫН, ТӨСЕМДІ ЖӘНЕ МУФТАНЫ ОРНАТУ:** Қол жеткізу қақпағын және төсемді Vic-Strainer корпусына орнатыңыз. Төсем Vic-Strainer корпусы мен қол жеткізу қақпағындағы ойық арасындағы ортада тұрғанына көз жеткізіңіз.

**2a.** «Ары-бері» ойнап тұратын мүмкіндікті пайдаланып, корпустарды төсемге орнатыңыз. Корпустың кілттері Vic-Strainer корпусындағы ойықтан және қол жеткізу қақпағының сыртына шығып тұратынына көз жеткізіңіз.

**2b.** Қалған болтты бекітіп, сомынды болтқа салыңыз да, әзірге саусақпен қатайтыңыз. **ЕСКЕРТПЕ:** болттардың сопақ мойны болттың саңылауларына дұрыс отырғанына көз жеткізіңіз.



VICTAULIC — VICTAULIC КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТІРКЕЛГЕН САУДА БЕЛГІСІ. © 2008 VICTAULIC COMPANY. БАРЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛҒАН.
АҚШ-ТА БАСЫП ШЫҒАРЫЛҒАН

# Vic-Strainer®

**730 ЖӘНЕ AGS W730 СЕРИЯЛЫ Т ТӘРІЗДІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІ**
**732 ЖӘНЕ AGS W732 СЕРИЯЛЫ ҮШЖАҚТЫ ТҮРДЕГІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІ**

## ⚠ ЕСКЕРТУ

- **Victaulic қатты, бұрышты, болтты, төсемді муфталары үшін сомындарды, болт тығыздағыштарында металл мен металлжанасқанша, кезектес жақтарымен бірқалыптықатайту керек.**
- **Victaulic қатты, бұрышты, болтты, төсемді муфталары үшін болт тығыздағыштарында тең ығысулар болуы тиіс.**

**Осы нұсқаулар орындалмаған жағдайда, жалғам дұрыс болмауы мүмкін, бұл ауыр дене жарақытына және мүліктің зақымдануынаәкелуі мүмкін.**

**2c.** Сомындарды, болт тығыздағыштарында металл мен металл жанасқанша, кезектес жақтарымен бірқалыпты қатайту керек. Корпустың кілттері сорғыш диффузор корпусындағы және ұштық қақпағы ойықтарға толықтай кіргізілгеніне көз жеткізіңіз. Болт тығыздағыштарында тең ығысулардың барына көз жеткізіңіз. Бұл қатты қосылымның дұрыс құрастырылғанына көз жеткізу үшін қажет. **ЕСКЕРТПЕ:** Тығыздағыштың қысылуына жол бермеу үшін барлық сомынды біркелкі қатайту керек.







VICTAULIC — VICTAULIC КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТІРКЕЛГЕН САУДА БЕЛГІСІ. © 2008 VICTAULIC COMPANY. БАРЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛҒАН.
АҚШ-ТА БАСЫП ШЫҒАРЫЛҒАН

# Vic-Strainer®

**730 ЖӘНЕ AGS™ W730 СЕРИЯЛЫ Т ТӘРІЗДІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІ**
**732 ЖӘНЕ AGS™ W732 СЕРИЯЛЫ ҮШЖАҚТЫ ТҮРДЕГІ VIC-STRAINER СҮЗГІШТЕРІ**

WCAS-7EPNJE

Толық байланыс ақпаратын алу үшін, www.victaulic.com сайтына кіріп қараңыз

**I-730/732/AGS-KAZ 3687 REV C ЖАҢАРТЫЛДЫ: 05/2008 Z000730732**
VICTAULIC — VICTAULIC КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТІРКЕЛГЕН САУДА БЕЛГІСІ. © 2008 VICTAULIC COMPANY. БАРЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛҒАН.
АҚШ-ТА БАСЫП ШЫҒАРЫЛҒАН